## Жергілікті атқарушы органдардың 2016-2018 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 3 маусымда № 13766 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2016-2018 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік–жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына оның көшірмелерінің баспа және электрондық түрде жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық

экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Е. Досаев*

*«КЕЛІСІЛГЕН» Қазақстан Республикасының Қаржы министрі __________ Б. Сұлтанов*

*30 сәуір 2016 жыл*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 сәуірдегі № 193 бұйрығымен бекітілді

## Жергілікті атқарушы органдардың 2016-2018 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері

мың теңге

| р/р № | Жергілікті атқарушы орган | Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2016 жыл | | 2017 жыл | | 2018 жыл | |
| | | ЖАО МЖӘ ММ лимиті | Қабылдау лимиті | ЖАО МЖӘ ММ лимиті | Қабылдау лимиті | ЖАО МЖӘ ММ лимиті | Қабылдау лимиті |
| 1 | Ақмола облысы | 11 623 990,8 | 11 122 334,9 | 11 623 990,8 | 11 122 334,9 | 11 623 990,8 | 11 122 334,9 |
| 2 | Ақтөбе облысы | 21 113 643,6 | 21 113 643,6 | 21 113 643,6 | 21 113 643,6 | 21 113 643,6 | 21 113 643,6 |
| 3 | Алматы облысы | 28 788 371,6 | 28 788 371,6 | 28 788 371,6 | 28 788 371,6 | 28 788 371,6 | 28 788 371,6 |
| 4 | Атырау облысы | 32 005 998,8 | 32 005 998,8 | 32 005 998,8 | 32 005 998,8 | 32 005 998,8 | 32 005 998,8 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облысы | 19 560 318,6 | 19 560 318,6 | 19 560 318,6 | 19 560 318,6 | 19 560 318,6 | 19 560 318,6 |
| 6 | Жамбыл облысы | 8 966 253,0 | 8 966 253,0 | 8 966 253,0 | 8 966 253,0 | 8 966 253,0 | 8 966 253,0 |
| 7 | Батыс Қазақстан облысы | 9 618 840,2 | 9 618 840,2 | 9 618 840,2 | 9 618 840,2 | 9 618 840,2 | 9 618 840,2 |
| 8 | Қарағанды облысы | 31 503 813,0 | 31 503 813,0 | 31 503 813,0 | 31 503 813,0 | 31 503 813,0 | 31 503 813,0 |
| 9 | Қызылорда облысы | 8 855 026,8 | 8 855 026,8 | 8 855 026,8 | 8 855 026,8 | 8 855 026,8 | 8 855 026,8 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Қостанай облысы | 12 668 206,0 | 12 383 406,0 | 12 668 206,0 | 12 383 406,0 | 12 668 206,0 | 12 383 406,0 |
| 11 | Маңғыстау облысы | 23 201 098,6 | 23 201 098,6 | 23 201 098,6 | 23 201 098,6 | 23 201 098,6 | 23 201 098,6 |
| 12 | Павлодар облысы | 18 349 765,2 | 18 349 765,2 | 18 349 765,2 | 18 349 765,2 | 18 349 765,2 | 18 349 765,2 |
| 13 | Солтүстік Қазақстан облысы | 6 409 692,4 | 4 701 551,7 | 6 409 692,4 | 4 701 551,7 | 6 409 692,4 | 4 701 551,7 |
| 14 | Оңтүстік Қазақстан облысы | 19 928 985,4 | 19 928 985,4 | 19 928 985,4 | 19 928 985,4 | 19 928 985,4 | 19 928 985,4 |
| 15 | Алматы қаласы | 65 956 827,2 | 65 956 827,2 | 65 956 827,2 | 65 956 827,2 | 65 956 827,2 | 65 956 827,2 |
| 16 | Астана қаласы | 35 038 369,0 | 35 038 369,0 | 35 038 369,0 | 35 038 369,0 | 35 038 369,0 | 35 038 369,0 |
| | Жиыны: | 353 589 200,2 | 351 094 603,6 | 353 589 200,2 | 351 094 603,6 | 353 589 200,2 | 351 094 603,6 |

Ескертпе: аббервиатуралардың толық жазылуы:
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар
МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК